



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ  
(1845-1904)



Бауыржан  
БЕРІКҰЛЫ  
Әдебиет сыншысы

## АБАЙ ӨЛЕҢİNДЕГІ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЙТКІЛДЕР

Абай Құнанбайұлының «Қатыны мен Масақбай» деген өлеңі бар. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы болған адам, ол әйелімен ұрыса береді екен, өлең соған байланысты шығарылған.

Бірақ Абай бұл өлеңдегі екі бөлімнің бірін Масақбайдың, бірін қатынның атынан айтып отыр деп қателеспеген жөн. Екеуі өзара кезектесіп бір-бірінің кемшіліктерін теріп айтысып отыр деп те ұғынбау керек. Керісінше, ақын мұның бәрін өз атынан айтып отыр. Абай екеуіне де өлеңмен мінездеме берген, бітім-болмыстарын ашқан. Тұрмыстық картинаны сөзбен салған. Ал енді біз осыған байланысты біраз ой-пікірлерімізді ортаға салатын болғандықтан, алдымен сол өлеңнің (1957 жылғы нұсқасы бойынша) мәтінін толық келтірейік.